

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

22.06.2022ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары  
Р. В. Склярға**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымызға жақында өңірлердегі сайлаушыларымен өткен кездесу барысында көтерілген мәселе – еліміздегі барлық әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуі негіз болып отыр.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенетін болсақ, 2022 жылғы 7 маусымдағы жағдай бойынша еліміздегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 19,9 пайызға қымбаттаған. Бүгінгі таңда, жыл басынан бері қант бағасы 61 пайызға қымбаттап отыр.

Бүгінгі күні, қанттың бағасы шарықтап 1 килограммы 600-900 теңге аралығында сатылуда, кез келген дүкеннен таба алмайсыз. Тек белгілі бір сауда орындарында ғана сатылуда.

Осыдан төрт ай бұрын басталған қант мәселесі халық арасында әлі дүрбелең тудырып отыр. Өйткені бұның салдарынан қантты тұтынатын, отандық өнім өндіретін кондитерлік шағын кәсіпкерлерді айтпағанда, ірі кәсіпкерлердің өзі жабылуда. «Түйені жел ұшырса, ешкіні аспанда көресің дегені осы болса керек».

Бұндай әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасы бұдан әрі өсе беретін болса, ел арасында үлкен дау-дамайға айналуы мүмкін. Сондықтан республиканың қантқа жылдық қажеттілігі орта есеппен 550-600 мың тоннаны (ай сайын орта есеппен 45 мың тонна) құрайтынын және қанттың тек 10 пайызы ғана отандық шикізаттан өндірілетінін, қалғаны импортқа тәуелді

екенін және кәсіпкерлер қантты дер кезінде Қазақстанға жеткізілуі міндеттелгенін ескере отырып, мәселені шұғыл шешуді талап етеді. Алайда әлемдегі түрлі экономикалық санкцияларға байланысты барлық логистика бойынша порттар толық қанды жұмыс істей алмай тұр, оның үстіне елімізде шетелдік банктермен жұмыс жасау үшін қаржы операциялары да ұзаққа созылуда.

«АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасында «Әрбір азаматқа – лайықты өмір» деп нақты көрсетілген. Сондықтан да, кәсіпкерлерге тасымалдау мерзімін 6 айға дейін ұзарту мүмкіндігін қарастыру және жоғарыда көрсетілген қанттың жылдық қажеттілігіне сәйкес келтіру үшін тарифтік жеңілдікті 550-600 мың тоннаға дейін арттыру орынды деп санаймыз.

Депутаттық сауалға заң талаптарына сәйкес жазбаша жауап беруді сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев  
Қ. Ержан  
Ж. Әшімжанов  
С. Ақышев  
С. Адамбаев  
Н. Ожаев  
М. Төлепберген  
З. Камасова  
Ж. Телпекбаева  
Г. Нұрымова  
Ә. Рахымжанов  
М. Елюбаев**

**Қазақстан халқы Ассамблеясының  
депутаттық тобының мүшелері**

**В. Набиев  
Ю. Ли  
З. Кузиев**